



АСТАНА АКШАМЫ

Сан қырлы сайыпқырақ

Жер жәннаты – Жетісудың бір бүйіріндегі Қаратал деген табиғаты ғажайып өлкеден қанат қағып, қазақтың қара сөз айдынына өз өрнегімен қайық салған жүйрік журналист, қарымды қаламгер Жанат Елшібек жайында қалам ұсташан иті жақсылардың дені актарылып сыр толғапты. Әрине, белгілі сөз зергерлерінен асырып бірдене айту да қын, дегенмен ардақты азаматтың сан қырлы сайыпқыран қасиетін шама-шарқымызша зерделеп көрсек дейміз.



Ол – журналист. Иә, Жанат ағамыз тұмысынан солай жаратылған. Өйткені сөз өнері – адамға әкенің қанымен, ананың сүтімен даритын қасиет. Егер ондай тылсым күш болмаса, университет емес, екі академия бітірсеңіз де түк шықпайды. Біздің кейіпкеріміз бала жасынан кітап жастаңып өседі. Кітапқа құштар жанның жазуға деген ынталысы ерте оянады. Соны байқаған анасы: «Балам, сен де көрген-білгенінді қағазға түсіріп көр. Күнделік жазып үйрен. Мектебің туралы, ауылдағы жақсы істер жайында Алматыға, пионер газетіне хабар-ошар жазып жібер...» деп ақыл-кенес береді. Зерделі бала ана сөзін жерге тастамай, өзі оқып жүрген мектеп не болмаса туған ауылында қандай жаңалық бар, соның бәрін түгін қалдырмай мәлдіретіп ақ қағазға түсіріп, алысы-жақыны бар редакцияларға «бомбалууды» бастайды. Сөйтіп, ағамыздың тырнақалды дүниесі, ол 6-сыныпта оқып жүргенде, «Қазақстан пионері» («Ұлан») газетінде жарық көреді. Он екі жасар жеткіншектің куанышында шек болмайды. Одан әрі жазуға құштарлана түседі. Қаламы ұшталған келесі мәдениеттің әңгімелерін, этюдтерін, суреттемелерін жазуға жаттығады. Қысқасы, мектеп кезінен қаршадай баланың аты шығып, Қаратал ғана емес, өзі қатарлы балалар басылымына қалам сілтеп жүрген жеткіншектерге танылып үлгереді. Туған ауылындағы орта мектепті күміс медальмен бітірген бозбала екі қоржынға газетке шыққан дүниелерін сықап толтырып, арман қуып Алматыға келеді. Бір қызығы, ағамыз сол кездегі еліміздің маңдайындағы бірегей университеттің жалғыз журналистика факультетіне емес, Абай атындағы педагогикалық институттың филология факультетіне окуга түседі. Жоғары оқу ордасының соңғы курсында жүргенде, сол кездегі аты паровоздай дүрілдеп тұрған, қазақ журналистикасының ұстаханасына айналған әйгілі қаламгер Шерхан Мұртаза басқарып отырған «Лениншіл жас» («Жас алаш») газетіне қызметкө орналасады. Алғашында әдеби қызметкөр, жауапты хатшының орынбасары, белім менгерушісі болып он жылға жуық

журналистік көріктің ыстық-сұығынан өтеді. Күн күргатпай шығатын жастар газетінің белді журналисіне айналады. Табиғат таңғажайыптары мен қарапайым еңбек адамдары туралы таңғы шықтай мөлдіретіп жазған очерктері мен эсселерін жүрт қызығып оқиды. Жұлдызы жарқырай жанған жігітті аттай қалап, бас басылым «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан») жұмысқа шақырады. Міне, осы жерде ағамыз қырық жылға жуық табан аудармай еңбек етеді. Байқасақ, журналист-жазушының екі көрнекті басылымда айшықты ізі жатыр. Баспасөз майданында аузы дуалы ағаларымен қатар жүріп, өнеге алды. Шерхан Мұртаза, Сейдахмет Бердіқұлов, Сапар Байжанов, Балғабек Қыдырбекұлы, Әбіш Кекілбайұлы секілді қазақ руханиятының алыштарынан тағылым түйді. Өзі де сол биікке көтерілді. Ол журналистика қазанында қайнай жүріп, «Студенттік меридиандар», «Алтын ұя», «Алтын дінгек», «Жастықтың жанартаулары», «Арынды жасынан сакта», «Жан сулұлығы» атты очерктері мен эсселері топтастырылған бірнеше кітаптары жарық көрді. Қазақстан Журналистер одағының үш мәрте лауреаты атанды.

Ол – жауапты хатшы. Біле білсеңіз, газеттің жауапты хатшысы деген редакцияның жарым ырысы ғой, шіркін! Бейнелеп айтқанда, оның бөлмесі басылымның бас штабы саналады. Эрине, қазір жауапты хатшының жұмысы көп өзгерген. Қолға қарындаш алып, ақ қағазды бояп отырмайды. Газет шығатын күні түнімен баспаханада кезекшімен бірге жортып, қорғасынның уын жүтпайды. Бәрі де компьютерлендірілген. Қолдың ұшымен жұмыс істейді. Басылымды безендірумен дизайнер-верстальщиктер айналысады. Ал Жанат ағаның дәуіріндегі жауапты хатшылардың бәсі мен бағасы бөлек еді ғой. Басылымды көркемдеудің өзі өнер. Асқан біліктілікті талап етеді. Кез келген мақаланың жарау аттай жұтынып тұруы жауапты хатшыға байланысты. Сондықтан оның қадірін білетін бас редакторлар жазуы мен суретшілік, байқағыштық қабілеті бар журналистерді қызға құда түскендей айттырады. Олардың алаңсыз жұмыс істеуіне барлық жағдай жасайды. Он жылдай еңбек еткен жастар газетінен бүгінгі «Егемен Қазақстанға» сол кездегі газеттің бас редакторы Сапар Байжанов Жанат Елшібекті бас басылымға аттай қалап шақырған. Осыдан-ақ кейіпкеріміздің шеберлігін біле беріңіз. Ол кісінің қолы тиғен газеттің бейнесі әп-сэтте жана киім киген арудай құлпырып шыға келеді. Соған риза болған журналистің ұстазы Сейдахмет Бердіқұлов шәкірті туралы: «Қазақ баспасөзінің «Лит. газета» үлгісіндегі жаңашыл макетшісі, газетіміздің бас сәулетшісі» деп жоғары баға берген.

Ол – жазушы. Ж.Елшібектің баспасөз майданында бір сапта жүрген әріптестерінен өзегешелігі – жазушылығы. Эрине, суреткерлік – екі адамның біріне бұйыра бермес бақ. Ол кісі өмір бойы газеттің ыстық-сұығын тартып жүрсе де, көркем шығармаға да қалам тербеген. Оның туындыларында бүгінгі күннің толғакты мәселелері барынша шынайы өрнектелген. Айталық, оқырмандардың жылы бағасын алған «Жетім жүрт», «Қош бол, теңіз...» повестерінде туған жер тағдыры, бүгінгі ауыл бейнесі нәзік шеберлікпен бейнеленген. Әсіресе, «Қош бол, теңіз...» повесінде Балқаш балықшыларының қым-қуыт тіршілігі мен экологиялық жағдайы мұнды баяндалады. Мұндағы кейіпкерлер – жаны таза, періште пейілді балалар. Шаһарда туып, ауылға каникулға келген Мәліктің болмысы да ерекше. Арманшыл баланың суретшілік таланттының ерте оянуы, теңізге деген құштарлығы оқырманды сан сауал ойға қалдырады. Повесте теңіз тіршілігі, теңіз адамдарының өмірінде ешқандай қоспа жоқ. Ұтымды штрих, кестелі тіл, нанымды көріністер автордың өзгеше қолтанбасын көрсетеді. Шығармада артық оқиға, нанымсыз деталь кездеспейді. Ал «Жазылмайтын жара» повесінде кешегі сүм соғыстың азабын тартқан балалардың қаяусыз көңілінде қалған балалық шақтары сыршылдықпен кестеленген. Табиғат таңғажайыптары хақындағы бір шоғыр әнгілемерін оқи бастасаңыз, қант қызығындаи ери жөнеледі. Қалың қаралғайдың арасында жүріп, таза ауа жүткандай тәтті бір күй кешесіз. Көрнекті ақын Ғафу Қайырбеков: «Жазушыға керегі екі нәрсе – суретшілік талант, екіншісі – әдемі көркем тіл. Бірі болмаса, бірі жоқ. Көп жағдайда соның біреуінің жоқтығын мойындармай, қаншамыз үзақ әуре боламыз. Жанатта, Құдайға шукір, екеуі де бар» деп жазыпты қаламгердің шығармашылығы жайында жазған мақаласында. Аузы дуалы ағамыздың көзі түскен

суреткер олқы болмасы анық.
Ол – танымгер. Жанат ағамыз – қазақ журналистикасындағы танымдық жанрдың көкжиегін кеңейткен қаламгер. Осы жанрды арналы айдынға айналдырған ізашар деп айтуға болады. Өзі қызмет еткен басылымдардан айдар ашып, тұракты жүргізіп отырған танымдық беттері ұзак жылдар бойы оқырмандарды біліктілік пен білгірлікке тәрбиелеп келді. Бүгінге дейін оның құрастыруымен 2000-нан аса кроссворд жарық көрген. Біле білсек, сөзжұмбактың түрлері де көп екен. Айтылуы да, жазылуы да тосын дүниелерді қазакы ұғыммен байланыстырып, тамаша енбектер жазды. Әсіресе, осы бағыттағы «Зерек» кітабы көп адамдардың қолынан түспеген дүниеге айналды. Танымдық жинақ «Кроссвордтар», «Чайнворттар», «Криптограммалар», «Анаграммалар», «Стрелкограммалар» «Ребустар», «Ой-жұмбактар», «Викториналар» және «Білгенге маржан» деп аталған бөлімдерден тұрады. Осы жинакта қазақ тілінде құрастырылған ең үлкен кроссворд та кірген. Оның аты «Жұмыр жер» деп аталады. Алып кроссвордқа үш жүзден астам сөз-термин қамтылған. Мұның барлығы Жанат ағаның білім жолындағы деп білемін.

Азамат ЕСЕНЖОЛ